Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Абайдың 180 жылдығын қорытындылауға арналған Ғылыми кеңес өтті

2026 жылдың 23-қаңтарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Президенті Әкімшілігінің өкілі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Астананың әкімшіліктері өкілдері мен ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі өкілдерінің қатысуымен кеңейтілген Ғылыми кеңес өтті. Ғылыми кеңесте «Абайтану антологиясы» (10 том), «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» (50 том), «Абай институтының еңбектері» е-ресурстар базасы, «Абайдың кісілік кодексі», «Абайдың таксономиясы», «Абай ілімі» оқу пәні секілді университеттің зияткерлік жетістіктеріне айрықша мән беріліп, мұндай республика көлемдегі айрықша бағалы құндылықтардың Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылдың 5 қарашасындағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» жүйесінде негізделген өзекті міндеттерді іс жүзіне асыруда маңызды қызмет атқаратыны айқындалды.



Ғылыми кеңес Абайдың 180 жылдығына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орындалған көпсалалы іс-шаралардың қорытындысын талқылауға арналды. ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Қансейітұлы Түймебаев өзінің «Абайдың 180 жылдығына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орындалған көпсалалы іс-шаралардың қорытындысы және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» стратегиясын іс жүзіне асыру

мақсатынан туындайтын міндеттер» тақырыбындағы баяндамасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Абайдың кісілік кодексі» және «Абай ілімі» оқу пәндері әзірленіп, білім беру процесіне енгізілгенін, университет ғалымдары әзірлеген «Абайдың кісілік кодексі» оқу корпустары мен жатақханаларға ілінгенін, сонымен қатар аталған ауқымды бастаманы басқа ЖОО-лар мен мектептерде жүзеге асыруды ұсынатынын айтты. «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының 1-50 томдары, «Абайтану антологиясы» сериялық басылымының 1-10 томдары жарық көргенін, «Абайтану антологиясы» атты цифрлық форматтағы интеллектуалдық электрондық ресурстар базасы қалыптастырылғанын, бұл жұмыстарды ҚазҰУ базасындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары жүзеге асырғанын атап өтті.



Ғылыми кеңеске ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Шынар Ақпарова, ҚР Президенті Әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Ғалымжан Махан, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, сондай-ақ ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, әр өңірден келген ішкі саясат басқармасының басшылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері мен ғалымдар қатысып, Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімінің мемлекеттік деңгейдегі мән-маңызы жөнінде ой бөлісті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Жанғара Дәдебаев «Абай ілімі – алтыннан ардақты құндылығымыз» атты баяндамасында: «Абайдың

Кісілік кодексін еліміздің білім беру жүйесінде, мәдени-гуманитарлық қызмет саласында кең ауқымда қолданысқа енгізудің, цифрлық форматта тиімді пайдаланудың маңызы зор. Күннің көзі жарығын дүниеге қалай түсіретін болса, Абайдың Кісілік кодексі, Абай ілімі жастарымыз бен мамандарымыздың көкірегін, жан дүниесін, ақыл-ойын сондай жарқыратып ашады. Көкірегіне Абай ілімі қонған жастың жүрегінде күн көзіндей жарық болады. Адал азаматтың елге, Отанға, адамға, адамзаттың бәріне деген махаббатының нұры мен нәрі, жылуы мен қызуы осы жарықтан таралады», - деген пікір білдірді және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» стратегиясында негізделген қағидалар мен міндеттерді іс жүзіне асыру мақсатында ұсыныстарын айтты.



ҚР Президенті Әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Ғалымжан Махан ҚазҰУ базасында дайындалған «Абайдың кісілік кодексінде» ойшылдың терең мазмұнды сөздері жинақталғанын атап өтіп, шараның маңыздылығына тоқталды. «Абайдың кісілік кодексін» цифрлық форматта көрнекі үлгідегі заманауи баннерлерге салып, қалааралық және қала ішіндегі даңғыл жолдардың бойында, демалыс орындарында, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет, әкімдік мекемелерінің алаңдарында орнатудың және көпшіліктің игілігіне айналдырудың маңызы зор екендігіне баса мән берді. Сонымен қатар «Абайдың кісілік кодексі студент жастар ғана емес, оқушылардың да санасына орнығуы маңызды» екендігін негіздеді.



Ғылыми кеңес мүшелері мен арнайы шақырылған өкілдер Абай мұрасын қазіргі қоғамдық санада жаңғыртудың маңызын атап өтті. ЮНЕСКО бойынша журналистика және коммуникация кафедрасының профессоры Б.Ө. Жақып «Абай ілімін жастардың рухани-мәдени санасында жаңғырту» баяндамасында: «Жастар тәрбиесін түзеудің бірден-бір жолы – Абай ілімі, Абайдың кісілік кодексі деп санаймыз», - деген пікір білдірді.



Кеңейтілген Ғылыми кеңес шешімімен университетте әзірленген «Абайтану антологиясы» электрондық е-ресурстар базасы, «Абай ілімі» оқу пәні, Абайдың кісілік кодексі, Абай таксономиясы ҚазҰУ-дың зияткерлік меншігі деп қабылданды. «Абай ілімі» оқу пәні университеттің жоғары білім беру бағдарламаларындағы жалпы білім беретін пәндер циклы бойынша таңдау компоненті болып бекітілді.

Абайдың кісілік кодексі және Абай ілімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылдың 5 қарашасындағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарын» іске асырудың инновациялық құралы ретінде танылып, білім берудің барлық деңгейінде, мәдени-ағартушылық және қоғамдық кеңістіктерде кеңінен пайдалану жөнінде уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы билікке ұсыныстар жолданды.



Абай ғылыми-зерттеу институтының ақпараттық қызметі
Институттың кіші ғылыми қызметкері Кенжекожаева Алма
Фотосуреттер https://farabi.university/news/101909?lang=kz
парақшасынан алынды